

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «__» _____
№__ бұйрығына 8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы «29» желтоқсандағы
№ 543 бұйрығына 8-қосымша

Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің «Мүсін» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің «Мүсін» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Мүсін» пәніне оқытудың мақсатын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы Бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) әуе перспективасы – бақылаушы мен заттың арасындағы сәуле мен ауа кеңістігінің ұлғаюы салдарынан, бақылаушының көзінен алыстауы кезінде пайда болатын заттардың түстерінің, сұлбаларының және жарықтың түсу деңгейіне байланысты өзгеруі;

2) бедер – жазықтықтағы шығып тұратын мүсіндік бейне;

3) бейнелеу өнеріндегі стильдеу – композицияның тәсілі, бейнеленетін нысандары саналы түрде жеңілдету;

4) дөңгелек мүсін – үш өлшемді көлемдегі (жан-жағынан көруге болатын) шығарма болып табылатын мүсіннің түрі;

5) модельдеу – шығармашылық өнердегі сәуле мен көлеңке градацияларының (кескіндемеде, графикада) көмегімен немесе үш өлшемді көлемдегі формаларды (мүсінде әртүрлі материалдардан) пластикалық өңдеу варқылы заттар әлемінің көлемді кеңістіктік қасиеттерін анықтау;

6) мүсін – шынайылықты кеңістіктік-көлемді формаларда көркемдік іске асырумен байланысты бейнелеу өнерінің түрі;

7) мүсін технологиясындағы форма беру – түпнұсқалардың көшірмелерінің немесе гипсті модельдердің еденде орындалатын формаларын әзірлеу процесі;

8) өрнек – заттарды (ыдыс, құрал және қару, текстиль бұйымдары, жихаздар, кітаптар), сәулеттік ғимараттарды, пластикалық өнер шығармаларын, денелерді безендіруге арналған ретті ритмикалық элементтерден құралған өрнек;

9) перспектива – натурада байқалатын өлшемдердің қысқаруына, формалардың сұлбаларының және сәуле мен көлеңке қатынастарының өзгерістеріне сәйкес қандай да бір жазықтықта кеңістіктік нысандарды бейнелеу техникасы;

10) ракурс – бейнелейтін, заттың немесе адамның перспективадағы жеке бөліктерінің қысқаруы.

3. Бағдарламаның мақсаты: мүсін арқылы білім алушының көркемдік білім, эстетикалық тәрбие алуына, рухани-адамгершілік дамытуға жағдай жасау.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) жабдықтармен, әртүрлі пластикалық материалдармен танысу;

2) қарапайым формалар мен заттарды мүсіндеу тәсілдерімен танысу;

3) «мүсін», «көлемділік», «пропорция», «заттардың сипаты», «жазықтық», «сәндік», «бедер», «айнала шолу», «композиция» түсініктерін, пәннің негізгі терминдері туралы түсініктерді қалыптастыру;

4) заттарды бақылау, оның көлемін, пропорциясын, формасын талдау білігін қалыптастыру;

5) бедермен, есте сақтауы және елестетуі бойынша тақырыптық композициямен жұмыстың ретін үйрету;

6) «форма», «ритм», «бұйымдардың пропорциялары мен өлшеміндегі шамаластық» түсініктерін қалыптастыру;

7) табиғи формалар мен заттарды стильдеуді үйрету, кеңістік және перспектива түсініктеріне сәйкес тапсырмаларды біртіндеп күрделендіруді меңгеру;

8) заттардың массасын, көлемін, пропорцияларын, тән қасиеттерін жеткізу білігін қалыптастыру;

9) натураға қарап және есте сақтауы бойынша жұмыс істеу білігін қалыптастыру;

10) бедерді, көлемді композицияны, жазуды және бұйымдарды сәндеп мүсіндеудің техникалық тәсілдерін қолдану білігін қалыптастыру;

11) илеудің конструктивті және пластикалық тәсілдерін қалыптастыру;

12) кеңістіктік елестетуді, көркемдік және ассоциативті ойлауды дамыту;

13) шығармашылық даралықты қалыптастыру;

14) отандық және әлемдік өнердің мұрасына араластыру.

5. Бағдарламаны меңгеру мерзімі – төрт жыл. Негізгі, жалпы орта білімді аяқтамаған, бірақ көркемөнер саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуді жоспарлап отырған балалар үшін, білім алушылардың ата-аналарының немесе олардың

орнын басатын тұлғалардың сұранысы бойынша Бағдарламаны меңгеру мерзімі бір жылға ұлғайтылуы мүмкін.

6. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 2-қосымшасында көрсетілген балалар көркемөнер мектебінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту 2 сыныптан басталады. Оқыту топтық формада іске асырылады. Топтағы білім алушылардың сандық құрамы – кемінде 8 адам және 15 адамнан көп емес.

2-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, оқытудың тәсілдері мен әдістері

7. Оқу пәнінің мақсаты тұлғалық, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамытудың негізгі міндеттер жүйесі арқылы іске асырылады. Оқытудың мазмұны оқу процесінде қалыптасатын іс-әрекет тәсілдерімен, көркемдік шығармашылықпен араласу формаларымен байланыста іске асырылады.

8. Бағдарламаның ерекшелігі білім алушылардың бейнелеу, көркемдік-құрастыру қабілеттерін, ерекше ойлауын, шығармашылық даралығын дамытуға бағытталуы болып табылады.

9. Пән білім алушыларды дәстүрлі оқытуға, әр білім алушыға жеке-сараланған тәсілмен оқытуға, көркемдік-бейнелі ойлауын дамытуға, балалардың рухани және мәдени құндылықтарды меңгеруіне, бейнелеу өнері саласындағы дарынды балаларды анықтауға бағытталған.

10. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды.

11. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

- 1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;
- 2) көркемдік шығармашылықтың даму ерекшеліктерін меңгерудегі қатаң жүйелілік;
- 3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;
- 4) оқу процесінің мақсаттылығы.

12. Бағдарлама білім алушыға өнер мен өмірдің өзара байланыс жүйесі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға жағдай жасайды, балалардың өмірлік тәжірибесін, қоршаған шынайылықтан нақты мысалдарды кеңінен тартуды қарастырады. Бақылау және қоршаған шынайылықты эстетикалық сезіну негізінде жүргізілетін жұмыс балалардың Бағдарлама материалдарын меңгеруінің маңызды шарттары болып табылады.

13. Бағдарлама дарындылығы, дайындығы және жалпы дамуы түрлі деңгейдегі балаларға арналған. Педагог бейнелеу өнері бойынша білімді меңгеруде қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке ерекше көңіл бөледі.

14. Бағдарлама білім алушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді:

- 1) көркемдік бейнелеу қызметіндегі білімді меңгереді;
- 2) бейнелеу өнері саласындағы терминдерді меңгереді;
- 3) оқу материалдарымен жұмыс істеу білігін меңгереді;
- 4) білім алушылардың шығармашылық қызмет тәжірибесін алады.

15. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

2) білім алушының бойында оқуға деген оң уәждемесін қалыптастыруға;

3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

16. Бағдарлама білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарғын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттіліктеріне қол жеткізуге бағытталған.

17. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастырудың тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгіленген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушының шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педгогтер мен өнер танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

18. Оқу материалының мазмұнын іріктеудің педагогикалық қағидаттары:

1) ғылыми-әдістемелік негіздеме және қолжетімділік қағидаты оқу-тәрбие процесін заманауи педагогикалық және психологиялық ғылымдардың жетістіктері, өнертану теориясы мен тарихы негізінде құруды талап етеді. Педагог дидактиканың ережелерін басшылыққа алады: карапайымнан күрделіге, жеңілден қиынға, атақтыда белгісізге;

2) жүйелілік қағидаты оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың барлық элементтерінің байланысының болуын болжайды;

3) көрнекілік қағидаты – оқытылатын сабақтардың тақырыптарының мәнін түсінуді қамтамасыз ететін әртүрлі құралдар мен тәсілдерді қолдану;

4) педагогтің басшылық рөлі кезіндегі түсінушілік және белсенділік қағидаты оқу процесіне деген саналы көзқарасты, сабақтарда білім алушылардың алдына қойылған нақты міндеттерді түсінуді.

19. «Мүсін» пәніне топтық оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, оқыту формаларын және оқу-әдістемелік кешенін таңдаудың вариативті болуына жағдай жасайды.

20. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

- 1) ауызша әдіс – түсіндіру, қарастыру, талдау;
- 2) көрнекілік – шығармашылық жұмыстарды, бейне материалдарды қарау, білім алушылардың жалпы даму деңгейін аттыру үшін көрмелерге, мұражайларға бару;
- 3) практикалық – мұқият пысықтау үшін тұтас шығарманы ұсақ бөліктерге бөлу және кейіннен тұтасты ұйымдастыру;
- 4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;
- 5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді іріктеу, көркемдік әсерлерді құру.

21. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттеріне, көркемдік қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады.

22. Педагог заманауи өнер мектептерінде Бағдарламаны іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

23. Педагогтің білім алушылармен топтық жүргізетін сабақтары сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады. Сабақ жоспары бір уақытта жүргізілетін теориялық және практикалық сабақтардан құралады

24. Жұмыстың сабақтан тыс формаларының түрлері:

- 1) тақырыптық көрмелерге бару;
- 2) өнер туралы фильмдерді қарау;
- 3) мұражайларға, суретшілердің шеберханаларына бару;
- 4) байқауларға, балалардың жұмыстарының көрмесіне қатысу.

25. Осы Бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың осы сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді. Педагог Бағдарламадан сыныптың білім алушыларының дайындық деңгейіне сәйкес келетін тақырыптарды таңдайды.

26. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

27. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;

- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

28. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) осы бағдарлама негіздеме ретінде;
- 2) аталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат және міндеттер;
- 3) аталған сыныптағы оқыту ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) өзгерістердің себептері мен мақсаттылығын нұсқай отырып, бөлек тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және (немесе) уақытын өзгерту туралы ақпарат.

29. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушы қызметінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

30. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдардың тізбесі.

31. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

32. «Мүсін» пәні көлем мен пропорцияны сезінуді, бейнелер арқылы өз ойын, эмоциясын жеткізуді, қолғалыс әсемдігін және формалардың пластикасын көруді үйретеді, материалды сезінуді дамытады, көз өлшемін жетілдіреді, қолдардың қимылының үйлесімділігін жақсартады, нәзік қолмен істелетін жұмыстарды істеу қабілетін және назарды ретке келтіруді пысықтайды.

33. Оқыту білім алушы әрбір тапсырманы қатаң әдістемелік тәртіппен орындайтындай құрылады.

34. Материалды сезінуді дамыту мақсатында педагог білім алушыларды пластикалық материалдардың көркемдік және конструктивтік мүмкіндіктерінің ерекшеліктерімен таныстырады.

35. Оқытудың барлық кезеңінде педагог білім алушылардың өз бетінше жүргізетін сабақтарына, оның даралығын сақтауға, бейнеленетін формалар мен пропорцияларға әдеттегі көріністерді өзінің табуына, бетті өңдеу тәсілін таңдауға көп көңіл бөледі.

36. Натурамен жұмыс ұзақтығы жағынан балалардың жасына байланысты

ұлғайтылады. Жоғары сыныптарда анатомиялық білімдеріне және жалпы бейнелеу сауатына, бейнені тереңірек шешуіне барынша қатаң талап қойылады.

37. Білім алушы пластикалық материалдармен жұмыс істей отырып қоршаған өмірдің объектілерін натураға қарап, есте сақтауы, сызбалары бойынша сауатты орындауды үйренеді: геометриялық денелер, тұрмыстық заттар, жануарлар, өсімдіктер, адамдар.

38. Көлемді заттарды бейнелеу білім алушының кеңістіктік-бейнелі ойлауын қалыптастырады, көлемді форманы белсенді түрде тануға бағыттайды, білім алушыларға бейнеленетін объектілерге шығармашылық көзқараспен қарау дағдысын қалыптастырады.

39. Өз бетінше жүргізілетін сабақтар үнемі және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығыны ескеріліп анықталады.

40. Жеке үй тапсырмасы бірнеше тәсілмен және педагогтің нұсқауына сәйкес жүргізіледі. Ең алдымен ең күрделі тапсырмалар пысықталады. Білім алушының ақыл-ой және физикалық мүмкіндіктерін есепке алып қандай да бір тапсырманы орындауға жұмсалатын уақытты

41. «Мүсін», «Сурет», «Композиция», «Компьютерлік графика және дизайн» пәндерінің пәнаралық байланыстары білім алушыларды заттар әлемін тұтас қабылдауға түрткі болады.

3-тарау. Оқыту мазмұны және Бағдарламаны меңгерудегі күтілетін нәтижелер

42. 1 сыныптағы Бағдарлама талаптары:

1) мүсін бедерімен, оның сан алуандылығымен және бедерде тапсырмаларды орындаумен, илеудің негізгі тәсілдерімен, кеңістіктікте негізгі заттарды құру туралы түсінікпен, мүсінмен жұмысқа кезеңмен сауатты орындау тәсілімен танысу;

2) натураға қарап және есте сақтауы бойынша заттарды бейнелеудегі алғашқы дағдыларды меңгеру. Фигуралар мен заттардың пластикалық және композициялық байланыстары туралы түсінік.

43. 1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Мүсін – бейнелеу өнерінің бір түрі. Мүсіннің түрлері: рельефті және дөңгелек. Құстар мен жануарлардың натурасына қарап сурет салу. Олардың құрылысымен танысу. Түрлі көзқарастан нобайларды орындау.

2-тақырып. Геометриялық денелер. Күрделі көлемді формалардың негізінде жатқан қарапайым геометриялық денелер туралы түсінік. Көлемді форманы алу әдістері: конусты, цилиндрді, призманы. Қашау туралы түсінік.

Жануарлар мен адамның бейнесін стилизациялау. Жұмыстардың декоративтілігі.

3-тақырып. Бедер. Бедер, оның түрлері және сәулеттегі сәндеудегі ролі туралы әңгімелесу. Бедердің және оны қолдану аясының әр түрлілігі. Оқу бедері, бедерді жасау ерекшеліктері. Бедердегі көлем мен кеңістік.

4-тақырып. Сынақ жарты жылдық жұмыс. Бедердегі тақырыптық композиция. Сынақ жұмысына қойылатын негізгі талаптар.

5-тақырып. Дөңгелек мүсін. Дөңгелек мүсін туралы әңгімелесу. Дөңгелек мүсіннің түрлері. Нобайларда формалардың пластикалық шешімін іздеу. Дөңгелек мүсінді жасау кезеңдері.

6-тақырып. Емтихан жұмысы. Дөңгелек мүсін. Қорытынды жұмысқа қойылатын негізгі талаптар. Дөңгелек мүсінде тақырыптық композицияны орындауға шығармашылық тұрғыдан қарау. Мүсіндік композицияны жасаудың негізгі қағидаттары.

44. 1 сыныптың Бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) мүсін түрлерін біледі;
- 2) мүсіндік материалдардың ерекшеліктерін біледі және ермексазды, сазды пайдалана біледі;
- 3) нобайларда тақырыптың шешімін өз бетінше шығармашылық іздеуді орындайды;
- 4) тақырыптық композицияларға арналған нобайларды орындайды;
- 5) қарапайым заттарға, құстар мен жануарлаға тән пропорцияларды, жалпы формаларын, ерекшеліктерін жеткізу, натураға қарап бедерде сатылап жұмыс істей алады;
- 6) натураға қарап бедермен кезеңмен жұмыс ітеуді біледі;
- 7) жануарлардың пластикалық формаларын жеткізе біледі;
- 8) мүсінді сатылап илеу дағдысын біледі;
- 9) дөңгелек мүсіннің бейнелеу құралдары туралы түсініктері бар;
- 10) ұсақ формаларын жасамай адам сұлыбының сызбаларын орындайды;
- 11) бір және екі фигуралы қаңқа мүсіні үшін нобайларда тақырыптың шешімін өз бетінше шығармашылық іздеуді орындайды;
- 12) тақырыпты ашу мақсатында композициялық құрылымды анықтай алады;
- 13) дөңгелек мүсінде пропорцияларды, тән ерекшеліктерді, қиын емес қозғалысты жеткізу дағдыларына ие болады;
- 14) кейіпкерлердің мінездерін, көңіл-күйін жеткізе отырып, фигуралардың сюжеттік өзара байланысын анықтай біледі.

45. 2 сыныптағы Бағдарлама талаптары:

1) жұмысқа сауатты келу дағдысы бекітіледі, натуралық, сол сияқты композициялық тапсырмаларды күрделендіру негізінде білім алушылардың шеберліктерін дамыту және жетілдіру;

2) күрделі бедерді композицияны кеңістіктік шешуді меңгеруді әрі қарай жетілдіру, пропорциялар мен қозғалыстарды, көлемді модельдеуді, фигуралардың эмоциялық өзара байланысын жеткізу дағдыларын жетілдіру.

46. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Міндеттер мен қажетті материалдар туралы әңгімелесу. 2 сыныптың «Мүсін» пәні бойынша Бағдарлама талаптары.

2-тақырып. Бедер. Бедердегі өсімдіктер. Натурадан бедерде жұмыс ерекшеліктерімен танысу. Алдыңғы тапсырманың натуралық суреттемелеріне тіреуішпен бедерді жасауды жүргізу жүйелілігі.

3-тақырып. Жартыжылдық сынақ жұмысы. Бедерді өсімдік өрнегі. Өрнек элементтердің қайталануы және кезектесу реті. Өрнек түрлері: геометриялық, өсімдік, зооморфты. Өрнектің берілген форматтағы композициясы және ырғағы.

4-тақырып. Жануарлар мен құстар. Жануарлар мен құстарды тұлпытардан және көрнекі құралдардан алып, салу. Олардың құрылымымен танысу.

5-тақырып. Дөңгелек мүсін және анималистік жанр. Дөңгелек мүсіндегі жануарлар мен құстар. Пластика, пропорциялар және қозғалыс. Тақырыптық мүсіндегі композициялық шешімнің тұтастығы.

6-тақырып. Емтихан жұмысы. Эмоциялық ахуал мен динамиканы жеткізуге дөңгелек мүсіндегі сюжеттік композиция.

47. 2 сыныптың Бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) қажетті материалдарды еркін пайдалана біледі (ермексазды, сазды, папье-маше);

2) сымдық қаңқа мен көмекші жазықтықты дайындауды орындайды;

3) жануарлар мен құстардың, сонымен қатар адамдардың түрлі түрлеріне тән ерекшеліктерді және пропорцияларды біледі;

4) натуралық нобайлардың негізінде болашақ өз бетінше шығармашылық жұмыстың нобайларын орындайды;

5) қаңқада модельдерді ұсақ формадан үлкен формаға дейін сатылап илеу дағдыларына ие;

6) этюдтерді натураға қарап және еске түсіру арқылы қаңқа бетіне түсіреді;

7) эмоциялық күйді (ойын, тыныштық, қорқыныш) жеткізе біледі;

8) екі фигуралы композицияларды орындайды: пропорциялар, қозғалыстар, өзара байланыстар, ұсақ формаларды жасау.

48. 3 сыныптағы Бағдарлама талаптары:

1) білім алушының жұмыстарына талап жоғарылайды, композициямен дайындық жұмысына басты назар аударылады;

2) елестетуі және қиялдауы бойынша тақырыптық композицияны орындау, қозғалыстағы адам фигурасының нобайларымен жұмыс.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. 3 сынып Бағдарламасының міндеттері. Қажетті материалдар. Жұмыс көлемімен, пайдаланылатын материалдармен және техникалармен танысу.

2-тақырып. Бедер. Натурадан жасалған бедердің күрделі формаларын модельдеу қағидаты.

3-тақырып. Сынақ жұмысы. Натуралық қойылым мен бедердіңкөлемдік ара қатынасы. Сызықтық перспектива, кеңістіктік және пропорциялар натюрморт рельефінде. Көпжоспарлы бедерде көлемдер мен тереңділіктердің ара қатынасын белгілеу.

4-тақырып. Адамның бет-әлпетінің бөлшектерінің конструктивті ерекшеліктері. Алдын-ала нобайсыз натурадан жұмыс істеу. «Көмкеру» – материалдың тұтас кесегін қысқарту әдісімен жұмыс істеу.

5-тақырып. Емтихан жұмысы. Дөңгелек мүсін. Қозғалыстағы адам фигурасының нобайларының негізінде түсінігі және елес-қиялы бойынша орындалған тақырыптық композиция.

49. 3 сыныптың Бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) бедердегі сызықтық перспективалар заңдылықтарын түсінеді;

2) бедерде пропорциялық қатынастардың көлемдерді, ракурстарды, қойылымның заттарының перспективалық қысқартылымдары, көкжиектік және вертикалды күрделі көп жоспарлы дөңгелек мүсіндегі) жазықтықтардың перспективаларын, мүсіндік бедердің шарттылығына байланысты натюрморттың кеңістігінің тереңдігін жеткізе біледі;

3) бедерде маталардың қыртыстарын илеу дағдыларына, сипатты және пластиканы жеткізу арқылы қыртыстардың бағыттарын көрсету цилиндрлік, доға түріндегі және сынған түрі;

4) технологиялық сатылау бойынша көп жоспарлы бедерді илеуді орындайды;

5) дөңгелек мүсіндегі көп фигуралы композицияларға арналған нобайларды өз бетінше жүзеге асыра алады;

6) адам фигурасының пропорцияларын біледі және жеткізе алады;

7) таңдалған тақырыпқа сәйкес көп фигуралы композицияда бөлек фигуралардың қозғалысының сипатын жеткізе біледі;

8) динамикалық фигураларды олардың өзара байланысы жетістігі мен көп фигуралы композицияның тұтастығының пластикалық шешімімен ара қатынасын белгілей біледі;

9) «қозғалыстағы» фигуралардың тұрақтылығын қамтамасыз етуді ескере отырып, өз бетінше қаңқаны орындайды;

10) мүсіндік композициямен жұмыс істеу барысын өз бетінше сараптай алады және күрделі тән ерекшеліктерді және композицияның сюжеттік мәнерлілігін жеткізудегі мүмкін мәселелердің шешімін табады;

11) форманың егжей-тегжейлі мұқият модельдеуін орындай алады;

12) композицияның барлық бөлшектерін ортақ көркемдік арқауына бағындыра алады.

50. 4 сыныптағы Бағдарлама талаптары:

1) натураны тереңірек меңгеру, адам фигурасының анатомиялық құрылымының бөлшектерімен танысу, стильдеу, гротекс тәсілдері қолданылады;

2) дөңгелек мүсіндегі ұзақ мерзімді емтихан жұмысын орындау – сюжеттік мазмұны жақсы көрінетін, еркін тақырыптағы көп фигуралы композиция.

51. 4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. 4 сыныптың міндеттері мен қажетті материалдар туралы әңгімелесу. Адамның басының көңіл-күйін жеткізумен, натурадан жсалған портреттік суреттемелері.

2-тақырып. Сынақ жұмыс. Дөңгелек мүсіндегі портрет. Мүсіндік портреттегі шығармашылық тұрғыдан дербес, ұлттық, кәсіби сипаттар, психологиялық ахуалы, жас ерекшеліктері арқылы. Портреттегі көркемдік бейненің мәнерлілігі. Стилизация тәсілдерін пайдалану.

3-тақырып. Емтихан жұмысы. Тақырыптық көп фигуралы композиция дөңгелек мүсінде. Көп фигуралы жанрлық композициядағы композициялық, пластикалық және бейнелі шешім.

52. 4 сыныптың Бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) білім алушылар өз бетінше дөңгелек мүсінге арналған нобайларды әзірлей алады;

2) тақырыптың компоненттік шешімін іздеуді жүзеге асырады;

3) қосымша құжаттық материалдарды пайдаланып, нақты сюжетті тандай біледі, нобайлармен жұмыс жасай алады;

4) адам фигурасының пропорцияларын біледі және оларды жеткізе алады;

5) көп фигуралы композицияда олардың сюжеттік өзара байланысына қол жеткізумен бөлек фигуралардың пропорцияларын, қозғалыстағы сипатын жеткізе біледі;

6) фигуралардың өзара байланыстарының жетістіктерімен динамикасын салыстырады, композицияның тұтас пластикалық шешімдерін біледі;

7) қозғалыстағы фигуралардың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, нобайлар бойынша қаңқаны өз бетінше орындайды;

8) композицияның мүсінімен жұмыстың барысын өз бетінше талдайды және композицияға тән күрделі сипаттағы ерекшеліктерді және композицияның

сюжетінің мәнерлілігінің шешімдерін табу: форманы егжей-тегжейлі модельдей біледі;

9) портрет жанрында дөңгелек мүсін дағдыларына ие;

10) адамның басының құрылым мен пропорциялық қатынастарын біледі;

11) дөңгелек мүсінде адам басының құрылымын, денесі құрылысы туралы қағидаттарды біледі;

12) портреттегі қозғалыстарды жеткізе біледі: бұрылу, еңкею, даралық, мінез, эмоциялық күйін.

13) форманы бөлшектей алады;

14) жағдайдың сипатын жеткізеді, көлемді-кеңістіктік композицияны ұйымдастырады.

4-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдері

53. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының Бағдарламаны игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Көркемдік білім беруде нәтижелерді бағалау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және байқауларда, көрмелерде алған бағаларынан құралады.

54. Білім алушылардың Бағдарламаны игеруін бақылау сынақ түрінде, жылдық және қорытынды аттестаттау – емтихан түрінде іске асырылады.

Аттестаттау формасы және білім алушыларға қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптар:

1) 2 сынып – бірінші жартыжылдықта: сынақ (елестетуі бойынша бедердегі композиция: құстар, балықтар немесе жануарлар), екінші жартыжылдықта: емтихан (көңіл күйді жеткізетін сюжетті екі фигуралы композиция);

2) 3 сынып – бірінші жартыжылдықта: сынақ (жапырақтардан, гүлдерден, жемістерден құралған бедерлі өрнекті композиция), екінші жартыжылдықта: емтихан (эмоциялық күйді және динамиканы жеткізуге арналған дөңгелек мүсіндегі композиция);

3) 4 сынып – бірінші жартыжылдықта: сынақ (дөңгелеу мүсіндегі портрет), екінші жартыжылдықта: емтихан (дөңгелек мүсіндегі тақырыптық көп фигуралы композиция).

55. Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді:

1) бейнені бедерде немесе дөңгелек мүсінде үйлестіру;

2) пропорционалды және конструктивтік тәсілдерін қолдану және мүсіндік композицияның бөліктерінің қатынасы;

3) бедерлі бейнелерде сызықтық перспективалардың заңдарын қолдану;

4) пластикалық шешімнің тұтастығын жеткізу;

5) берілген тақырыпқа байланысты композицияның заңдарын пайдалану (тұтастық, тепе-теңдік, форма мен мазмұнның тұтастығы, типтендіру;

6) жұмыстағы тұтастық және аяқталғандық;

7) сюжетті жеткізу және көлемді-кеңістіктік композиция құралдарымен пластикалық шешімді жеткізу (сыныптың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес).

56. Бағалау өлшемшарттары:

1) «5» «өте жақсы» бағасы – тапсырманы толық көлемде, өте жақсы орындауы, міндеттерді өз бетінше, табысты шешуі, жұмысты ретімен орындауы, заттардың формаларын талдауы, пропорцияларды дұрыс жеткізуі, мәнерлі жұмыс істеуі;

2) «4» «жақсы» бағасы – тапсырманы толық көлемде орындауы, міндеттерді өз бетінше, табысты шешуі, жұмысты ретімен орындауы, заттардың формаларын талдауы, пропорцияларды жеткізуде қателерінің болуы, мәнерлі жұмыс істеуі;

3) «3» «қанағаттанарлық» бағасы – тапсырманы толық көлемде орындауы, міндеттерді өз бетінше, табысты шешуі, жұмысты ретімен орындауы, заттардың формаларын талдауы, пропорцияларды жеткізуде қателіктерінің болуы, жұмысты мәнерлі орындауы;

4) «2» «қанағаттанарлық емес» бағасы – барлық міндеттердің толық шешілмеуі, жұмысты жүргізу ретінің бұзылуы, заттардың формасын талдауы, пропорцияларды жеткізуде қателіктерінің болуы, жұмыстың мәнерлі орындауы;

5) «Сынақ» (баға қойылмайды) – жұмысы оқытудың осы кезеңінің деңгейіне сәйкес.